


АҚЫНЫН АРДАҚТАДЫ

"Біз ақындар тағдыры қызық халықпыз, халықтың өзі, қорғасын құяр қалыппыз" деп алпауыт ақын Мұқағали жырлағандай, Ақадыр елі тағдыры қызық ақындары Свет Оразаевты еске алды. Пәкті жүрегінен тәтті өлең өрген Свет ақын Талдықорған облысында дүниеге келген. Кешегі Мұқағалилармен мұңдас, сырлас болған арынды ақын Ақадыр еліне кездейсоқ келгендігінде жасырмаған екен. Тұрған елін, туған жерінде керіп жатсынбаған ақын Ақадыр жөнінде жадыраңқы жырларын арнайды. Кент жөнінде керемет ой толғап, басылымдарға жариялайды. Әлбетте ақадырлықтарда ақынды бөтен деп белмей, өгей деп өзектен теппей керісінше қамқорлыққа алып алдына ас тосады. Бүгінде өзі жоқ болса да көзіндегі ғылып ақын атына көше беріп, ездерін ақынын қадірлей білетін ел екенін дәлелдеген. Айтулы еске алу кешінің ашылуында белгілі жазушы Свет ақынның қаламдас досы, осы кештің өтуіне мұрындық болған Өмір Кәріп ақын досы жайлы шағын баяндама жасады. Айтулы кешке басқа да үзеңгілес достары, белгілі жазушы, шежіреші, өлкетанушы, Қазақпарат баспасының директоры Төрехан Майбас, "Орталық Қазақстан" газетінің меншікті тілшісі Оралбек Жүніс секілді ойы ұшқыр, қаламы қарымды достары арнайы келіп, кеште ақын жөніндегі сырларын айтты. Төрехан аға өзінің бір сөзінде "Свет ақын еді. Ақын болғанда әдемі ақын-тын. Тіпті сөйлеген сөзі мен шылым шегісі де ешкімге ұқсамайтын белектін" деп ой түйді. Тағы бір достық лебізінде "Свет арынды ақиықтардың бірегейі болмаса да солармен деңгейлес болған" деп тағы да ағынан жарылды. Ақынның ішкі дүниесін баршаға



паш еткен, Светтің қандай ақын, кім екенін айтқан жазушыға халық ыстық ықыласымен қол соқты. Кеште Ақадыр мәдени-сауық орталығының өнерпаздары дайындаған әсем әнмен, тәтті күйлері жиналған көпшілікті көтеріп отырды. Ақынның өлеңдерін нақышына келтіріп оқыған мектеп оқушыларына да көрермен қол соқты. Кешті жүргізген белгілі әнші, Республикалық Ж.Елебеков атындағы дестүрлі ән байқауының бас жүлдесін иеленген Ардақ Мұқышев көрерменге тұщымды сөздерімен әдемі әсер беріп отырды. Көпшіліктің көңілінен ақынын іздеп, өлеңін сағынатынын байқадық. Қас - қағым ғұмырда астарын келтіріп өлең өрген, поэзия әлемінде айтулы орны бар нар тұлғаның еске алу кеші осылайша өз мәресіне жетті. Ақынын аңсаған толағай халық Свет жөнінде сырларын сыбырласып, тарасып жатты.

Ж. МҰҚАШ,
Ақадыр кенті.